

**Астана қаласы әкімдігінің № 34 «Ақ бидай» балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау
нәтижелері бойынша**

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«№ 34 «Ақ бидай» балабақшасы» МКҚК-ның жұмыс тобы: әдіскер Тусупбергенова Гулмира Сағындыковнамен, тәрбиеші Островская Анастасия Сергеевна, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ізбасар Мадина Курманғалиевна 2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 28 маусым дейінгі аралығында № 34 «Ақ бидай» балабақшасы» МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларымен, «№34 Ақ бидай» балабақшасы» МКҚК меңгерушісінің 2024 жылғы 21 шілдедегі № 70/1 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

**1. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Кәсіпорын құрылымы:

- 1) Әкімшілік;
- 2) Кадрлық жұмыс және іс қағаздарын жүргізу
- 3) Қаржы бөлімі (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
- 4) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- 5) Техникалық-шаруашылық бөлімі

2. Кәсіпорын қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларының сәйкессіздігі жоқ.

**II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Кәсіпорынның штаттық кестесі «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ басшысымен 2022 жылғы 01 қыркүйекте бекітілді. Талдау жүргізу кезінде кәсіпорын қызметкерлерінің нақты саны 80 адамды құрайды, 9-уы декреттік демалысында, бос жұмыс орындары 9. Бос жұмыс орындары бойынша «Автоматтандырылған «1С» платформасындағы кадрларды есепке алу ақпараттық жүйесіне». сонымен "Астана қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ "Астана қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау Басқармасы" ММ-не өтінім беріледі. Кәсіпорынмен әңгімелесу жүргізіледі. Педагогтар конкурстық негізде қабылданады.

Талданып отырған кезеңде 5 қызметкер ҚР Еңбек кодексі 49-баптың 5-тармағы бойынша өз еркімен жұмыстан шығарылды.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек Кодексінің 52-бабы 1-тармағының 0 қызметкері жұмыстан шығарылды.

Осылайша, 2023 жылғы шілде - 2024 жылғы маусым аралығындағы таза ауысым 7% құрайды (5 адам).

"Командалық орын ауыстыру" бөлігінде анықталған жоқ.

2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 28 маусымға дейінгі кезеңінде 6 қызметкер жұмысқа қабылданды.

2. Дауласу мүддесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында кәсіпорын қызметінде даулы мүдделер **жоқ**.

3. Мемлекеттік қызметтерінің көрсету

Мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі функциялар:

1. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету.

2. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау)" мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

3. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметі бойынша **артық құжаттар анықталған жоқ**.

4. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау)" мемлекеттік көрсету қызметі ХҚҚО арқылы жүзеге асырылады, **құжаттардың пакетінің ресімделуінде және оларды ұсыну мерзімінде бұзушылықтар анықталған жоқ**.

4. Кәсіпорынға (немесе мекемеге) келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Кәсіпорындағы азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс Адам құқықтары жөніндегі Уәкілінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы №3 "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Бөлімдердегі осы бағыттар бойынша жұмыстардың жай-күйіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарауды қамтамасыз етуге талдау жүргізілді, бақылауды арттыру, өтініштерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 28 маусымға дейінгі аралығында азаматтардың ауызша 112 және жазбаша 0 өтініштері байқалды.

2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 28 маусымға дейінгі аралығында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңын орындауға байланысты кәсіпорын басшылығы мен қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері **түскен жоқ**.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын алдын-алу жөніндегі іс-шаралары

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде кәсіпорын қызметкерлер мен ата-аналар үшін: меңгеруші жанындағы кеңестер, ата-аналар жиналыстары өткізеді. Ақпараттық стендтер мен тасымалды баннер әзірленіп,

орналастырады. Кәсіпорын басшысы Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде жыл сайын "Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы" ішкі бұйрық шығарады.

6. Мемлекеттік сатып алулар

Кәсіпорынның интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 04 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Қазіргі таңда барлығы 189 шарт жасалды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбиеленіп, оқытылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануын қамтамасыз етуге байланысты, орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету сонымен қатар, тауарларды сатып алу Қағидаларына сәйкес азық-түлікті жеткізуге ашық конкурс өткізілді.

7. Қорытынды

Талдауды өткізу кезінде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері *анықталған жоқ.*


Жұмыс тобы:

Әдіскер: Тусупбергенова Г.С.

Тәрбишеі: Островская А.С.

КК төрағасы: Избасар М.К.

«№ 34 «Ақ бидай» МКҚК менгерушісі



Н.Бадакова